

Суреттерді түсірген Ұлдана НАҒЫМЕТОВА



Нарыққа білімді де білікті маман қажет

Еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағдайын дамытудың негізгі бағыттарының бірі – сапалы білімді, бәсекеге қабілетті, дүниежүзілік еңбек нарығында қажетті болашақ мамандарды, еліміздің келешегін ойлайтын жастарды дайындау, сонымен қатар әлеуметтік игілікті қамтамасыз ете отырып, өмір сүру сапасын арттыру. Бұл еліміздің білім беру, ғылым және әлеуметтік салаларындағы басты мақсаттары болып табылады.

Білім беру саласының басты міндеті – білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту және әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына енуі үшін жоғары білікті мамандарды дайындау. Осыған байланысты білім беру саласы ұжымдарының жұмысы жоғары шығармашылық күш пен қабілеттілікті қажет етеді.

Бүгінгі күнде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті батыс аймақтағы ауылшаруашылық және өндірістік, экономикалық салалары үшін жоғары білімді мамандарды дайындауда жалғыз ғылыми орталық саналады. Университет өзінің 60 жылдан астам қызметінде республикамызға және шектес елдерге танымал болды. Еліміздің білімінің, мәдениетінің және ғылымының дамуына үлкен үлес қоса отырып, ел экономикасының дамуы үшін мыңдаған мамандарды дайындап шығарды. Нарықтық экономика жағдайында халық шаруашылығын тиімді пайдалана отырып, жоғары және сапалы өнімді қамтамасыз ету үшін жан-жақты, білімді, тәжірибесі мол мамандарды даярлауда.

Әрине, БҚАТУ-дың кәсіби мамандар даярлаудағы жұмыс барысы әр кез даму үстінде болатыны сөзсіз. Жаңадан ашылған институттар, жаңа білім беру бағдарламалары... Отыз жылдық өзімнің еңбек жолымда осындай көптеген өзгерістерге куә болып келемін.

Университеттің даму стратегиясының басты мақсаты – аймақтық инновациялық зерттеу орталығын құру. Соған сәйкес басты ерекшелігі – ғылыми зерттеу ауқымының кеңдігі. Жәңгір хан университетінің құрамындағы Индустриалды-технологиялық институты «Жерге орналастыру» және «Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды. Бұл мамандар елді мекендерде, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өндірістік,



сәулет және құрылыс салалары мен мекемелерінде абағандыру, көгалдандыру, инженерлік жобалау және бағалау, орналастыру секілді қызметтерді орындайды. Яғни, бұлар – халыққа қызмет көрсету саласының қазіргі кездегі сұранысқа ие жетекші мамандары екені сөзсіз. Бұл бағытта білім беру саласы ұжымдарының жұмысы жоғары шығармашылық күш пен қабілеттілікті қажет етеді.

«Жерге орналастырушы» білім беру бағдарламасы бойынша оқыған түлектер жерге орналастыру ұйымдарында, мекемелер мен кәсіпорындарда, жер қорларын басқару ұйымдарында, әкімшілік және кадастрлық бюроларда, мемлекеттік, облыстық және жергілікті жерге орналастыру кәсіпорындары мен филиалдарында, жер мониторингін жүргізу бекеттері мен мекемелерінде, ұйымдарында – жерге орналастырушы, жобалаушы, геодезист, картограф, жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі инспектор және басқа да лауазымдық қызметтерді атқарады.

Университетті «Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша тәмамдаған мамандар жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі орталықтарда, жер қорларын басқару агенттігінің кәсіпорындарында, облыстық және аудандық кадастрлық бөлімдерде, жергілікті атқарушы және ғылыми зерттеу мекемелері мен ұйымдарында кадастршы, жерге орналастырушы, бағалаушы, геодезист, картограф, жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі инспектор сынды қызметтерді атқара алады.

«Жерге орналастыру және кадастр» мамандығы заман талабына сай сұранысқа ие. Білім алушылар универси-

теттегі «Мансап және бизнес» орталығы арқылы өндірістерге, кәсіпкерлік нысандарына, ғылыми мекемелерге арнайы келісімшарт аясында тәжірибелік машықтан өтуге жіберіледі. Ал өздерінің кәсіби қабілетін жақсы қырынан көрсеткен студенттердің сол өндіріс ошақтарына тұрақты жұмысқа қалуға мүмкіндігі бар.

Өз пікірімді айта кететін болсам, соңғы кездері бұл мамандыққа таңдау өте жоғары. Мемлекеттік гранттар саны да жылдан-жылға көбейіп келеді. Жәңгір хан университетінен осы мамандықты игерген біздің түлектеріміз өндірістің барлық бағыттарына да, ауылшаруашылық салаларына да жұмысқа орналаса алады. Қазіргі нарықтық қатынас жағдайында кез келген сатылатын жылжымайтын мүлік міндетті түрде бағалауды талап етеді. Сондықтан жылжымайтын мүліктер бойынша өздерінің жеке кәсіптерін ашып, бағалау жұмыстарымен айналысып жүргендері де аз емес. Көптеген шәкірттеріміз Орал қалалық және аудандық жер қатынастары бөлімдерінде, облыстық және қалалық азаматтарға қызмет көрсету орталықтарында, ауылшаруашылық саласы мен ғылыми жобалау және өндірістік мекемелерінде жұмыс жасап жүр.

Нарыққа білімді де білікті маман қажет. Ал біздің университетімізден заман талабына сәйкес келетін мамандар түлеп ұшады. Оны жастар өз қалауларымен тандап, алға қойған мақсатымен ұштастырып, білім алып шықса, сол саланы дамытары сөзсіз. Түлектеріміздің басым көпшілігінің еліміздің батыс және оңтүстік өңірлерінде, соның ішін-

де Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Қызылорда, Түркістан облыстарында мамандықтары бойынша қызмет етіп жүргені – білім ордасының алдыңғы қатарлы, заман талабына сай жаңа технология бойынша мамандар дайындайтын білім және ғылым орталығы екенінің дәлелі.

Ақпараттық жүйе жақсы дамыған заманда өмір сүріп жатырмыз. Сол себепті жастар барлығын ерте қабылдайды. Бұрынғылармен салыстырып қарасақ, қазіргі жастардың өмірге, болашаққа деген көзқарастары мүлдем басқа. Алдарына қойған мақсаттары айқын, олардың алғырлығы, білімге құштарлығы, жан-жақтылығы көңіл марқайтады.

Университетімізде, әрбір институттарда жоспарланған бағдарламаға сай арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, мектеп түлектеріне алдын ала кәсіптік бағдар беру жұмыстары өткізіледі. Мұндағы басты мақсат – мектеп түлектеріне алдын ала үйрету және дағдыландыру жұмыстарын жүргізу арқылы жас талапкерлерге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу және мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру болып табылады. Бұл жұмыстың нәтижесін өткен жылғы деректермен келтіруге болады: жыл сайын мектеп бітіретін түлектер саны артып келеді, демек болашақ мамандар өзара сайысқа түсіп, болашақта білікті де, білімді мамандардың қалыптасуына жағдай жасайды. Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсетін мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің, оның ішінде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ға оқуға түсетін талапкерлердің, яғни мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің жалпы саны көбею үстінде.

Өзінің 60 жылдан астам тарихы мен білім саласындағы көпжылдық тәжірибесін пайдалана отырып, кәсіптік бағдар беру жұмыстарына ұйғқы болған университетіміздің тәжірибесі одан әрі жалғасын тауып, жалпы ақпарат құралдары мен барлық мектептерде, оқу орындарында дайындық жұмыстары жүргізілсе, оқушылардың білім деңгейін арттырып, тәжірибе жинақтауға, саналы да сапалы болашақ мамандар даярлауға қомақты үлес қосары сөзсіз. Сонымен қатар іс-шараларымызға қолдау көрсететін, елінің ертеңін ойлайтын ел ағалары мен өндіріс, мекемелердің, ауыл және халық шаруашылық кәсіпорындарының жетекшілеріне алғысымыз шексіз. Олар БҚАТУ-да жоғарыда аталған бағытта ілім-білім меңгеріп жүрген білім алушыларын оқу-тәжірибелік машықтану жұмыстарына қабылдап, білім беру саласында ынтымақтаса әсекет етіп, бірге жұмыс жасап келеміз.

Өскелең ұрпақтың туған елге, туған жерге деген сезімін оятып, шын ықыласпен мына өлең шумақтарын арнағым келеді:

Елім деп ертеңге көз салсаң,
БҚАТУ-дан басталады бар қадам.
Білімнің нәрімен сусындап,
Ұядан – қияға,
Қырандай қалықтап ұшады әр маман.
Елінің ертеңін, болашақ күндерін ойлаған,

Жәңгір ханнан түлеген,
Мамандардай бар ма адам?! – деп,
жас буынды қоғамның қажеттілігіне сай мамандықтарды таңдауға, сол арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге еңбектенуге шақырамын.

Жәңгір хан университеті Батыс Қазақстанның және еліміздің экономикасының гүлденуіне жол бастайтын және ғылыми-техникалық прогресін жылжитатын күш болып қана қоймай, халықаралық деңгейде сұранысқа ие мамандарды дайындайтын білім ордасы болып қала бермек.

Ғали ОЖАНОВ,
Жәңгір хан БҚАТУ доценти





«Адамдарды алдымен қоқыс тастау мәдениетіне үйрету қажет»

Отандық білім-ғылым саласында жүзеге асырылатын халықаралық бағдарламалар – жана мүмкіндіктердің бастамасы екені сөзсіз. Солардың бірі – «500 ғалым» халықаралық бағдарламасы. Осы бағдарламаның грантын ұтып алып, Польша мемлекетінде ғылыми тағылымдамадан өткен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы, магистр Эльмира Аккереева қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша өз білімін жетілдіріп келді.

Әсерлі өткен үш ай

Польшаның Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде үш ай ғылыми тағылымдамадан өткен жас ғалым экология бағыты бойынша біраз жаңалықтың куәсі болған. – Менің тағылымдама 2024 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында өтті. Соңғы кездері жиі айтылып жүрген еліміздің экологиялық ахуалын жақсартуға негіз болатын «жасыл экология» төңірегінде білімімді жетілдірдім. Менің ғылыми тағылымдаманың тақырыбы «Еуропалық төртінші генерация университеттерінде қоршаған орта экологиясын



жасады. Өткен жылдың желтоқсан айының ортасында Польшадағы университетте «Ғылым күні» ұйымдастырылды. Соның аясында түрлі бағыттар бойынша ғылыми-



сақтаудың инновациялық технологиялары» деп аталды. Бұл сапардан алған әсерім ерекше, – дейді Эльмира Қаршығақызы.

Бар-жоғы үш айдың көлемінде Жәңгір хан университетінің ғалымы қоршаған ортаны қорғау, қоқыс қалдықтарын өңдеу, жалпы экологиялық проблемалар бойынша тәжірибе жинақтап, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, сонымен қатар өндіріс орындарында болған.

– Ғылыми тағылымдама барысында Быдгощ қаласындағы университеттің «Дене тәрбиесі» институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Александр Скалий мен оның жұбайы профессор Татьяна Скалий бізге үйлестіруші болып бекітілді. Олар бізбен жақсы жұмыстанды, көптеген ақпараттармен танысуымызға мүмкіндік

практикалық конференция оздырылды. Конференцияға студенттермен қатар мектеп оқушылары, тіпті қарапайым тұрғындар да қатысты. Біз де алдын ала өз бағытымыз бойынша конференцияға тіркелдік. Тіркелу кезінде өзіңнің таңдаған бағытың бойынша он шақты мекеме-ұйымда өтетін жиындарға қатыса аласың. Жалпы экология саласы шеңберінде ауқымды тақырыптар қамтылды. Конференция жұмысының қорытындысы бойынша сертификаттар берілді, – деді жас ғалым.

Польшада қоқыстар сұрыпталады

Әсіресе, қазақстандық ғалымды поляктардың қоқыс тастау мәдениеті, тазалығы ерекше таң қалдырған. Польшада әрбір көпқабатты үйлердің әрқайсысының

алдына қоқыс жәшіктері қойылады екен. Қоқыстарды арнайы түстермен боялған жәшіктерге сұрыптап салу қажет. Халық та соған үйренген. Бұл саланың өзінде тұрғындарда мәдениеттілік бар деген сөз. Қоқыстарды жәшіктерге сұрыптап салмаған жағдайда тұрғындарға айыппұл салынады.

Жеке үйлердің тұрғындары көшеге шығарып қоятын қоқыс қалдықтарын тазалық мекемелері көлікпен өздері жинап кетеді. Ал медициналық қалдықтарды шығаратын бөлек полигондары бар көрінеді.

Бұдан әрі сұрыпталған тұрмыстық қалдықтардың өзі пайдаға асатынын ғалым-ұстаз өз көзімен көрген. – Ол елде қоқысты қайта өңдеу жақсы жолға қойылған. Біз қала шетіндегі қоқыстарды қайта өңдейтін бірнеше зауыттарда болдық. Сұрыпталған пластиктер, қағаздар, бөтелкелер, тіпті шөп-шаламға дейін сол зауыттарда өңделіп, тұрмысқа қажетті заттар дайындалады. Ал қайта өңделмейтін, қалыпқа келмейтін қоқыстарды жолға құрылыс материалы ретінде пайдаланылатын тастар шығаруға қолданады. Тастың қиыршық немесе ұсақ түрі, ұнтақталған дейсіз бе, он шақты түрі шығарылады екен, – деп әңгімесін жалғастырды Эльмира Қаршығақызы.

Қоқыстың өзін далаға тастамай, кіріс көзіне айналдырған Польша еліндегі мұндай тәжірибе – жалпы әлемдік деңгейдегі көрініс. Ал біздің елдегі, алысқа бармай-ақ өз қаламыздағы бей-берекет шағылып жатқан қоқыстар мен қалдықтар – қордаланып тұрған мәселе екені жасырын емес. – Бізде алдымен адамдарды қоқыс тастау мәдениетіне үйрету керек деп ойлаймын. Қоқыс жәшіктеріне тұрғындардың салмайтын нәрсесі жоқ. Тіпті ернеуінен асып, бұралқы иттер мен мысықтардың мекеніне айналған қоқыс алаңдары жасыл шаһардың келбетін бұзып тұр. Егер менің күзіретімде болса, қаладағы көпқабатты үйлердің әрқайсысының алдына қоқыс жәшіктерін қоюға ұсыныс білдірер едім, – деген ғалым-ұстаз ішкі жанайқайын да



келетін оқытушылар мен студенттерді лайнермен саяхатқа алып шығады екен. «Бізді де Гданьск қаласынан жүретін лайнермен Швеция қаласына музейге экскурсияға апарып келді. Сапар барысында Еуропаның бірнеше қаласын көрдім» дейді Э.Аккереева.

Ғұлама Абай «...ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деген екен өзінің бір қарасөзінде. Сол секілді шетел асып, ілім-білім меңгеріп қайтқан ғалымның да алға қойған өзінің жоспар, мақсаттары бар.

– Бұл біліммен шектеліп қалмай, докторантураға оқуға түсіп, ғылым жолындағы ізденісімді одан әрі жалғастырғым келеді. Әзірге шетелден алып келген білімімді пайдаға жаратып, Жәңгір хан университетінің ғылыми әлеуетін арттыруға қызмет етсем деймін. Биылғы жылы әріптестеріммен бірге жастарға экологиялық тәрбие беру мақсатында студенттерге, оқушыларға



ірікп қалмады.

Жас ғалымның ғылыми бағыттағы тағы бір жұмысы – қалдық майларды өңдеу арқылы сабын, майшам және түрлі хош иістендіргіштер дайындау. Бұл жұмыстарды университет қабырғасында білім алушылармен бірге жүргізіп келеді. Польша университетіндегі тағылымдама барысында Эльмира Аккереева осы бағытта да ғылыми қоржынын толықтыруды ұмытпады.

«Ғылыми ізденісімді жалғастырамын»

Шетелдік жоғары оқу орнында өткен ғылыми тағылымдама кезінде кейіпкеріміз білім алумен қатар Еуропаның бірнеше қаласын көріп қайтқан. Аталмыш университеттің Польшаның Гданьск қаласындағы кеме шығаратын «Stena Line» компаниясымен келісімшарты аясында өзге елдерден ғылыми тағылымдамадан өтуге, академиялық оралымдылық бағдарламасымен оқуға

арналған курстар, шеберлік сағаттарын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Ол үшін пайдалы материалдарды жинақтап келдім, – деді кейіпкеріміз.

Жалпы Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да «500 ғалым» халықаралық бағдарламасы аясында білім-ғылым саласындағы тәжірибелерін толықтыруға ниетті оқытушылар қатары артып келеді. Айталық, 2021 жылы – екі, 2022 жылы – 3, 2023 жылы – 8, 2024 жылы тоғыз оқытушы осы бағдарламаның стипендиясын иеленді. Ғалым-ұстаздар Беларусь, Ресей, Польша, АҚШ, Германия, Чехия елдерінде өз салалары бойынша ғылыми тағылымдамадан өтіп, біліктіліктерін арттырды. Белгіленген мерзім ішінде шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарда болған Эльмира Қаршығақызы секілді ғалымдарымыз бүгінде алған білімдерін отандық жоғары білім және ғылым саласын дамытуға жұмсауда.

Ләззат ҚАЖЫМОВА





«Биыл ұлттық ойындарымыз ұлықталғанына қуаныштымыз»


Жәңгір хан университетінің оқытушылары мен қызметкерлері жыл сайын «Денсаулық» қысқы спартакиадасына белсене қатысып келеді. Біз биылғы жылдың еншісіндегі спартакиада ойындарында бірқатар әріптестерге өз сауалдарымызды жолдадық.

1. Биылғы қысқы спартакиада сіз үшін несімен қызықты болды?

2. Кемшіін тұстары болса, айта кетсеңіз?

3. Жалпы өзіңіз спорттың қандай түріне қызығушылық танытасыз?

4. Келер жылғы спартакиаданы бұдан да жоғары деңгейде өткізуге қандай ұсыныс білдірер едіңіз?



Қаржаубай ДОСОВ,
Индустриалды-технологиялық институтының аға оқытушысы:

– Биылғы спартакиада ұлттық ойын түрлерінің қосылуымен қызықты болды. Сол арқылы ұйымдастырушылар қатысушылардың ұлтымыздың ерекше қасиеттерін ұғынуларына себебін тигізді деп ойлаймын.

– Спартакиада барша қызметкерлер асыға күтетін университетіміздегі ең маңызды шара деп білемін. Айтарлықтай кемшіліктер болған жоқ, осы ретте «Сұңқар» спорт клубының басшысы мен спорт мамандарына ризашылығымызды білдіреміз. «Өттеген-ай!» дейтін тұсы – спорттық шараның ашылу салтанатының болмағандығы. Жарыстың командалар шеруінсіз басталуы қатысушылардың көңіліне аз да болса кірбің ұялатты.

– Өзім барлық командалық ойын түрлеріне қызығып, белсене қатысуға тырыстым. Әрине, оның ішінде ұлттық спортқа деген қызығушылығым жоғары болды. Бәрінен де құр алақан емеспін, дегенмен үстел теннисі – менің сүйікті спортым. «Батыс Қазақстан облысының үстел теннисі федерациясы» қоғамдық бірлестігінің көп жылдардан бергі мүшесімін. Аталған мекеменің спорт залында үстел теннисінен шеберлігімді сақтап қалу үшін үнемі жаттығып, түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып тұрамын. Нәтижесінде командалық бүгінгі күнге дейін бірнеше дүркін спартакиада чемпионы болуына үлесімді костым, оған осы спорттан қол үзбей жүргенім себепші болып келеді деген ойдамын.

– Дәстүрлі қысқы спартакиадаға қатысты айтар ұсынысым жоқ. Өйткені спорттың көп түрінен екі апта бойы бұндай тартысты жарыс өтетін бірден-бір мекеме – біздің оқу орнымыз. Сондықтан ұйымдастырушыларымыз келесі жылы бұдан да жоғары деңгейде өткізуге күш-жігерлерін салады деп сенемін.



Жанболат МУСАДИЕВ,
Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің басшысы:

– Биылғы қысқы спартакиада бағдарламасына спорттың садақ ату, дойбы, ләңгі тебу, бес асық сияқты түрлерінің қосылуы қызықты болды.

– Спартакиада әдеттегідей өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Алайда киберспорттың спартакиада ойындарына қосылғанын өз басым қолдамадым. Менің ойымша, бұл ойын жастардың, әсіресе балалардың спортпен белсенді түрде шынығып, дене күштерін дамытудың орнына әртүрлі гаджеттарға тәуелділігіне, сондай-ақ «виртуалды спортсмен» болып тәрбиеленуіне әкеліп соқтырады.

– Өзім спорттың барлық түріне қызығамын. Соның ішінде футбол, волейбол ойындарының қомақты «өтілі» бар жанкүйерімін. Биылғы спартакиаданың арқасында садақ атып үйренгенім өзіме ерекше әсер сыйлады. Болашақта осы жағынан өзімді шыңдауға бел будым.

– Бұл спартакиаданың университетімізде жыл сайын өткізілуі бұқаралық спорттың дамуына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және ұжымды біріктіруге оң әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан бұл үрдістің әрі қарай да жалғаса береріне сенемін және сәттілік тілеймін!



Лунара ДИЯРОВА,
«Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының аға оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі:

– Университетте жұмыс жасағалы жыл сайын өтетін спартакиадаға қатысып келе жатырмын. Биылғы қысқы «Денсаулық-2025» спартакиадасының ерекшелігі – ұлттық спорт түрлерінің қосылуы. Спорттық ойындарды көбейтіп, ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында бес асық, ләңгі, садақ ату

қосылған екен. Бұл жаңалық командалар үшін жаңа сын болды, әрі қызықты мүмкіндік туғызды деген ойдамын.

– Кейбір оқытушылар мен қызметкерлердің спортқа деген қызығушылығы төмен. Мұны спартакиададағы барлық спорт түрлеріне жаттанды ойыншылардың жыл сайын қатысуынан байқауға болады. Мұны кемшілікке жатқызуға бола ма, жоқ па, білмеймін!? Бірақ бұл рас.

– Мен спорттың көптеген түрлеріне қызығамын, бірақ жеке қызығушылығым үстел теннисімен байланысты. Бұл спортта дәлдік маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ үстел теннисі екі ойыншы арасындағы тығыз бәсекелестікті талап етеді, сонысымен ерекше қызықты. Бұл ойынды мектеп кезінен бері ойнаймын, үстел теннисінен университет құрамасының мүшесімін. Дәстүрлі түрде өтетін қысқы спартакиадада спорттың осы түрінен жыл сайын командалық намысын қорғаймын. Ал биыл бес асық ойынында өз бағымды сынап көрдім. Нәтижесі жаман емес, алты команданың ішінен біздің құрама команда жүлделі I орынды жеңіп алды.

– Келер жылы спартакиада жоғары деңгейде өту үшін биылғы қатысушылармен кері байланыс орнатып, олардың ұсыныстары мен пікірлерін ескеру маңызды деп ойлаймын. Бұл ұйымдастырушыларға болашақта жақсы жағынан өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Менің ойымша, спортқа қызығушылығы аз профессор-оқытушылар құрамын спартакиадаға көптеп тартып, оларды ынталандыру мақсатында арнайы марапаттау қажет немесе қосымша жеңілдіктер ұсыну керек.



Нұркен АБДИШЕВ,
қойма менгерушісі:

– Командалық жарыстардың айналма түрінде болғандығы ұнады. Сонымен қатар ұлттық спорт түрлерінен ләңгі тебу, садақ ату, асық ойындарының қосылғаны және киберспорттан сайыс болғаны қуантты.

– Әрине, жарыс болған соң бәсекелестік, жеңіске деген ұмтылыс болады. Сондай кездерде адамдардың жарақат алу жағдайлары орын алады. Сондай оқиғалар аз болса деймін.

– Өзіме спорттық ойындардан асық және садақ ату ұнады.

– Алдағы жылдары спорттың әр түрінен орын алған командаларға медальдар берілсе, олардың жеңіске деген талпыныстары артар еді. Командалар арасындағы бәсекелестік деңгейі жоғарылап, әрқайсысы әр жарыстың соңына дейін аянып қалмас еді деген ойдамын.



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 585 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru